

"Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 44/430 шешімі. Қарағанды облысы Балқаш қаласы Әділет басқармасында 2007 жылғы 17 шілдеде N 8-4-79 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010 жылғы 30 шілдедегі N 32/259 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2010.07.30 N 32/259 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес, қала әкімінің отбасының жиынтық табысына тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметтерді тұтыну төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесін азайту туралы ұсынысын қарап, қалалық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. Қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 29 қарашадағы N 37/352 "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі – 8-4-52, "Балқаш өңірі" газетінің 2006 жылғы 22 желтоқсандағы N 104 санында, "Северное Прибалхашье" газетінің 2006 жылғы 22 желтоқсандағы N 90-91 санында жарияланған) шешімімен бекітілген, аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидаларына, келесі өзгеріс е н г і з і л с і н :

2 тармақтағы "20" саны "15" санына ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың бюджет, адам құқығын қорғау, әлеуметтік сала бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (Е.Қ

Б а й м а ғ а н б е т о в) .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

С. Пшенбаев

Қалалық мәслихат хатшысы

Л. Коробейникова

" К Е Л І С І Л Д І "

Токушев Қ.Ә

Қала әкімі

25 маусым 2007 жыл

Жұмыспен

қамту және

әлеуметтік

бағдарламалар

бөлімінің бастығы

Адамова Қ.Қ.

25 маусым 2007 жыл

Қ а р ж ы

б ө л і м і н і ң

меңгерушісі

Томпиева Ж.Қ.

25 маусым 2007 жыл